Информатика мұғалімінің әдістемелік құзырлығы			
Пәндік-бағдарланған құзырлық	Жалпы кәсіби құзырлық		коммуникативті іс-әрекет саласындағы құзыр; психологиялық-педагогикалық ғылым негіздері саласындағы құзыр
	Пәндік құзырлық		теориялық информатика саласындағы құзыр; техниканы меңгеру (ақпараттандырудың техникалық құралдары) саласындағы құзыр; ақпараттандырудың программалық құрал-дары саласындағы құзыр; ақпараттық технологиялар саласындағы құзыр; әлеуметтік информатика саласындағы құзыр
Кәсіби-бағдарланған құзырлық	Базалық-пәндік құзырлық Әдістемелік құзырлықтың қалыптасуының базалық деңгейі		информатиканы бастапқы мектепте оқытудың теориясы мен әдістемесі саласындағы құзыр; информатиканы негізгі мектепте оқыту-дың теориясы мен әдістемесі саласындағы құзыр
	Профильді-бағдарлан-ған құзырлық Әдістемелік құзырлықты дамытудың профильді деңгейі: пән мұғалімі және оқытушы	Информа- тиканы жоғары мектепте оқытудың теориясы мен әдісте-месі сала-сындағы құзыр	пәндік-бағдарланған информатика саласындағы құзыр; АКТ негізіндегі жаңашыл оқыту техноло-гиялары саласындағы құзыр; психологиялық-педагогикалық іс-әрекет саласындағы құзыр
	Оқу-зерттеушілік құзырлық		жаратылыстану және әлеуметтік

	Әдістемелік құзырлықты дамытудың шығармашылық деңгейі	үдеріс-терді танып білуге информатиканың әдіс-тері мен құралдарын пайдалану саласын-дағы құзыр; оқып үйренушілердің оқу-зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыру саласындағы құзыр
--	---	---

Яғни, информатика мұғалімінің әдістемелік құзырлығының құрамдас бөліктері ретінде пәндік және пән үстілік (метапәндік) құзырлықтарды бөліп көрсеткен. Оларға мыналар сәйкес келеді [5]:

1. *Пәндік құзырлық* пәндік дайындық пәндерін меңгеру үдерісінде қалыптасады. Ол информатиканы ғылым және практикалық іс-әрекет саласы ретінде меңгеруге бағытталған. Қалыптасу деңгейі информатика мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетінің гностикалық компонентінде: өзіндік білім алу және пәнді түбегейлі меңгеру мүмкіндіктерінде көрінеді.

2. *Жалпы кәсіби құзырлық* жалпы гуманитарлық, әлеуметтік – экономикалық және жалпы кәсіптік пәндерді меңгеру үдерісінде қалыптасады. Педагогикалық іс-әрекеттің коммуникациялық және жобалаушы компоненттерінде көрінеді.

Информатика мұғалімінің әдістемелік құзырлығының метапәндік құрамдас бөлігіне кәсіптік–бағдарланған құзырлықты да жатқызуға болады:

1. *Базалық-пәндік құзырлық*, «Информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі» (ИОТмӘ) курсын меңгеру нәтижесіндегі, сонымен қоса ИОТмӘ бойынша ғылыми және өндірістік практикаларды өту және курстық жұмыстарды орындау барысындағы, әдістемелік құзырлықтың қалыптасуының базалық деңгейіне сәйкес келеді. Қалыптасу деңгейі, АТ және информатиканың мектеп курсын оқытуға, болашақ мұғалімнің дайындығын қалыптастыруға бағдарланған, педагогикалық іс-әрекеттің гностикалық, коммуникативтік және ұйымдастырушылық компоненттерінің айқындалуында көрінеді.

2. *Профильді-бағдарланған құзырлық* жаңа педагогикалық технологиялардың негізінде жоғары мектепте АКТ және информатиканы оқытудың теориясы мен әдістемесін меңгеру үдерісіндегі және ИОТмӘ бойынша өндірістік практиканы өту барысындағы әдістемелік құзырлықтың профильды даму деңгейін бейнелейді. Педагогикалық іс-әрекеттің гностикалық, коммуникативтік және ұйымдастырушылық компоненттерін интеграциялауда көрінеді.


3. *Оқу-зерттеушілік құзырлық* оқып үйренушілердің АКТ және информатиканы қолдану аймағындағы оқу-зерттеушілік іс-әрекетін қарқындатуға бағытталған, педагогикалық іс-әрекеттің ұйымдастырушылық және жобалаушылық компоненттерінің айқындалуының креативтік деңгейіндегі, әдістемелік құзырлықтың дамуына сәйкес келеді.

Жоғарыда аталған информатика мұғалімінің әдістемелік құзырлығының компоненттерін ұштастыра келе, информатика мұғалімінің әдістемелік құзырлығының құрылымын 1-суреттегідей етіп көрсетуге болады.

Мұғалімнің әдістемелік құзырлығының мазмұнын толығырақ ашу үшін, оның функционалдық компоненттерін де атап өтейік. Осы компоненттер ретінде мыналарды бөліп қарастыруға болады: акмеологиялық, инновациялық, болжамдық, интегративті, ынталандырушы, басқарушы, рефлексивті [1].

Акмеологиялық функциясы мұғалімнің кәсіби-тұлғалық жетілуіне бағытталған. Мұғалімнің әдістемелік құзырлығын оқу үдерісі субъектісінің өзіндік дамуының нәтижесі, мұғалім тұлғасын, оны жоғары кәсіби деңгейге дейін көтеретін, жаңа кәсіби

қасиеттермен байытуы нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Мұғалімнің әдістемелік құзырлығының акмеологиялық функциясының негізгі «күші» маманның білім беру саласындағы кәсіби әлеуетін дамытуға, оның креативтілігін, индивидуалдығын дамытуға бағытталған.



1-сурет. Информатика мұғалімінің әдістемелік құзырлығының құрылымы.

Инновациялық функция, мұғалімнің жоғары дәрежедегі әдістемелік құзырлығын қалыптастыру үдерісі мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің қалыптасқан жағымсыз стереотиптерін жоюмен, ойлау және іс-әрекетті қайта құрумен, оқыту үдерісінің мәнін терең түсіну мүмкіндігін беретін, аналитикалық іскерліктерді қалыптастырумен байланысты екендігімен анықталады. Білім беруді дамытудың жаңашыл шарттарында мұғалімнің, білім беру мекемелерінде өтіп жатқан, инновациялық үдерістердің мәні мен қажеттілігін түсінуі, оқытудың инновациялық технологияларын білуі және оларды білім беру үдерісіне ендіре алуы аса маңызды болып табылады.

Инновациялық функция, оқушыларды оқыту үдерісінде педагогика, психология, пәнді оқыту әдістемесінің жетістіктері саласындағы жаңалықтарды жүзеге асыруға мұғалімнің дайындығымен және қабілеттілігімен байланысты болып табылады.

Болжамдық функция – мұғалімнің, кәсіби іс-әрекетте болатын әдістемелік проблемаларды болжай алу, оларды шешу моделдерін құру, қолданылтын шешімдердің салдарын алдын ала ескеру мүмкіндігін дамыту.

Интеграциялық функция іс-әрекеттің пәндік, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік білімдері мен тәсілдерінің байланысын қамтамасыз етеді.

Біңталандырушы функция – мұғалімнің кәсіби мотивацияларын дамыту, тиімді әдістемелік іс-әрекетті жүзеге асыруға қажет, өзінің пәндік, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік білімдерін толықтыру талпыныстарын, жалпы алғанда кәсіби және жекеше алғанда әдістемелік іс-әрекетке мұғалімнің позитивті көзқарасын дамыту.

Басқарушы функция мұғалімнің бір жағынан білім беру үдерісінде өз іс-әрекетін басқаруы (жоспарлау, ұйымдастыру, түзету және т.б.), екінші жағынан - әрбір оқып үйренушіні дамытуға бағытталған, іс-әрекеттің пәндік білімдері мен тәсілдерін оқып үйренушінің меңгеру іс әрекетін басқару.

Рефлексивті функция педагогтың, өз білімдерін, қабілеттіліктерін, қателіктері мен мүмкіндіктерін бағалау мен қайта бағалау жүзеге асатын, өзінің әдістемелік іс-әрекеті үдерісі мен нәтижелерін негіздеуін қамтамасыз етеді.

Әдістемелік құзырлықтың аталған функциялары информатика мұғалімінің де кәсіби іс-әрекетінде көрініс табады.

Сонымен біз информатика мұғалімінің әдістемелік құзырлығының мазмұнын анықтау мақсатында оның құрылымдық және функционалдык компоненттерін ашып көрсеттік. Бұл болашақ информатика мұғалімінің әдістемелік құзырлығын қалыптастыру тұрғысынан маңызды болып табылады. Өйткені, әдістемелік құзырлы мұғалімді дайындау үшін, болашақ мұғалімдерді әдістемелік дайындау үдерісінде осы әдістемелік құзырлықтың барлық компоненттерін қалыптастыру керек.

1. Тумашева О.В. О методической компетентности учителя // Вестник КГПУ им. В.П. Астафьева. – 2009. – №1
2. Притуло А.В. Развитие методической компетентности воспитателя дошкольного образовательного учреждения // www.eduhmao.ru
3. Адольф В. А. Профессиональная компетентность современного учителя: Монография. – Красноярск, 1998. 310 с.
4. Дымина В. В. Готовность будущих учителей информатики к проявлению методической компетентности// Математика и информатика: наука и образование. Омск: Изд. ОмГПУ. – 2007 - №6. - С.158-161.
5. Лапчик М. П., Чекалева Н.В. Теоретико-методологические основы формирования методической компетентности учителя информатики// Математика и информатика: наука и образование. Омск: Изд. ОмГПУ. – 2007 - №6. - С.169-173.
6. Малова И.Е. Сущность и уровни методической компетентности учителя математики//Ярославский педагогический вестник. – 2006 - №4 // Vestnik.yspu.org/releases/uchenuye_praktikam/33_5

МЕКТЕП ИНФОРМАТИКА КУРСЫНЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ БАҒЫТТЫЛЫҒЫ МЕН ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ, *-магистрант)

В статье рассматриваются прикладные аспекты содержания школьной информатики и их использование в процессе обучения, также говорится об осуществлении содержательной и методической связи школьного курса информатики с практикой жизнедеятельности современного человека в информационном обществе и увеличение в содержании обучения информатике доли материалов, ориентированных на практику использования средств информатики в различных областях деятельности человека.

The article discusses practical aspects of school computer science and their use in the learning process, as described on the implementation of the substantive and methodological context of school course of informatics to the practice of modern human life in the information society and an increase in the content of teaching informatics share materials, practice-oriented use of informatics in various human activities.

Информатика – қолданбалы ғылым. Оның пәні, негізгі мақсаттары мен міндеттері тәжірибемен алдын-ала анықталған. Қазіргі кезде информатика ғылым ретінде экономикада, техникада, өнеркәсіпте, білім беруде, ғылымда, т.б. салаларда қолданылады. Адам өмірінде информатиканың мұндай кең қолданылуы мектепте осы ғылымның қолданбалы аспектілерін оқытудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Қазіргі қоғамның ақпараттандырылуы жалпы білім беретін мектеп алдында оқушыларда оқу және болашақта кәсіби есептерді шешу үшін информатика мен ақпараттық технология құралдарын өз бетінше меңгеру және шығармашылықпен қолдану бейімділігін тәрбиелеу мәселесін қойып отыр. Алайда, мектепте информатиканы оқыту тәжірибесі информатика ғылымының басым келетін қолданбалы аспектісі мен осы аспектінің мектепте информатиканы оқытудың шынайы тәжірибесінде жеткілікті деңгейде қамтылмауының арасындағы қайшылықты бейнелейтін күрделі мәселенің бар екенін көрсетеді. Алып қарасақ, мектеп информатика курсының кез келген материалында қосымшалардың жеткілікті түрлері бар, бірақ тәжірибе жүзінде көптеген оқушылар бұл материалдың не үшін оқытылып жатқаны жайлы, ол қай жерде қолданылады және белгілі бір өмірде маңызды практикалық есептерді шешуде оның қандай пайдасы бар екенін түсінбейді.

Мектеп информатикасы мазмұнының қолданбалы аспектілерін ашу және оларды оқыту процесінде қолдану мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығының негізгі мазмұнын құрайды. Жалпы айтатын болсақ, *мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығы* дегеніміз ақпараттық қоғамдағы қазіргі заман адамының тіршілік әрекетінің тәжірибесі мен мектеп информатика курсының мазмұндық және әдістемелік байланысын іске асыру [1]. *Мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығын күшейту* – информатиканы оқытудың мазмұнында, әдістерінде, құралдарында және формаларында адам қызметінің әртүрлі салаларында информатика құралдарын қолдану тәжірибесіне бағытталған материалдардың көбеюі.

Мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығын күшейту берілген курсты жетілдірудің негізгі кезеңінің бірі болуы керек. Бұған бірнеше себеп бар. Солардың негізгілерін атап өтейік [1]:

1. Мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығын күшейту қажеттілігі біздің ақпараттық ғасырда, ең алдымен, жас ұрпақтың айқын әлеуметтік қажеттілігімен анықталады. Информатиканың қоғамдағы ролінің өсуіне байланысты әртүрлі кәсіп мамандарын информатика және есептеуіш техниканы қолдану саласында дайындаудың әлеуметтік қажеттілігі туып отыр.

2. Мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығы, оның негізгі идеялары қазіргі кездегі информатиканы оқыту теорияларының басын қосып, оларды қолданбалы көзқарас тұрғысынан қызықты болатын жаңа теориялармен кеңейтіп, байыта алады. Ертерек құрастырылған әдістемелер көбінесе мектеп информатика курсының бұрыннан бар бөлімдерінің қосымшаларын зерттеудің жеке мәселелеріне және мектеп білім беру жүйесіне жаңа информатика курстарын енгізуге арналған. Бұл зерттеулерде көбінесе дидактикалық және қолданбалы мақсаттар мен міндеттер тармағынада қойылады. Тапсырмаларды іріктеу зерттеу авторларымен көбінесе жүйесіз түрде жүргізіледі. XX ғасыр аяғындағы қоғамды ақпараттандыру және білім беру жүйесімен қатар жүретін, ең болмағанда одан артта қалмайтын информатика саласында қандай да бір білім беру қорын құру үшін қажетті, яғни мектеп информатика курсының қолданбалы мазмұнының белгілі бір инвариантын ерекшелеу үшін керек болатын, қолданбалы бағыттылықты іске асыратын біртұтас тұжырымдама жоқ.

3. Мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығын күшейту мәселелерін зерттеу маңыздылығы қазіргі орта білім беру мекемелерінің алдында тұрған жалпы міндеттермен, оқушылардың информатика саласында жалпы және кәсіби дайындығының сапасы мен нәтижелігін арттыру мәселелерімен анықталады. Информатиканы оқытудың психологиялық-педагогикалық мәселелерін шешу үшін оқытудың өмірмен мазмұндық және әдістемелік байланысын қамтамасыз ететін қолданбалы бағыттылықтың дидактикалық потенциалы жеткілікті ашылмаған және қажетті деңгейде қолданылмайды. Мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығын күшейту информатиканы оқытуда барлық аспектілерді (қолданушылық, бағдарламалық және дүниетанымдық) белсендіруге, тереңдетуге, байытуға және кеңейтуге мүмкіндік береді.

4. Мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығының мәселелерін шешуде есептердің ролі зор екені түсінікті. Мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығының дидактикалық потенциалы мектеп информатика курсы есептерінің типологиясын түпкілікті, ал қолданбалы есептер типологиясының жеке жақтарын ретке келтіруге негіз бола алады. Қазіргі кезде қолданбалы мазмұндағы есептерді іріктеу кездейсоқ түрде жүргізіліп жатыр, есептердің қолданбалы аспектісі ашылмайды және қолданылмайды, оқушылардың өз бетінше қолданбалы есептерді құрастыру мен оларды топтастыру критерийлерін таңдауға мүмкіндік берілмейді.

Қолданбалы есептерді сұрыптау әдістемесі және әртүрлі белгілер, критерийлер, кілттер бойынша қолданбалы есептер қорын құру есептер жинағын құрастырушыларға пайдалы болуы мүмкін, сонымен қатар, әлеуметтік сипатына, оқу іс-әрекетінің түріне, әдістемелік мәніне, пәнаралық байланыстарға және т.б. сәйкес есеп түрлерінің кең спектрін қарастырып шығуға көмектеседі.

Сонымен, *мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығын күшейтудің өзектілігі* келесі жағдайлармен анықталады: информатика және ақпараттық технология құралдарын қолдана алатын жас ұрпақтың әлеуметтік қажеттілігі; мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығының тұжырымдамасын және информатиканы оқытудың әртүрлі кезеңдерінде оны іске асырудың жолдарын жетілдіру; мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығының дидактикалық потенциалын (мүмкіндігін) ашу және қолдану; қолданбалы көзқарас тұрғысынан қызықты практикалық материалды жіктеу, сұрыптау

принциптерін жасау, сонымен қатар, қолданбалы есептерді шығару мен қолдану әдістемесін құрастыру және жетілдіру.

Жоғарыда айтылған мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығының орындылығының негізгі кезеңдерін схемалық түрде төмендегідей кескіндеуге болады:



Мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығының теориялық және практикалық негіздерін келесі түрде бейнелеуге болады:



Мектепте информатиканың базалық курсының оқыту тәжірибесін зерттеу келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді: мектеп информатика курсының қолданбалы бағыттылығын күшейту мәселесі осы курсты игеру процесіне тек жүйелік түрде қараса ғана ойдағыдай шешілуі мүмкін. Келесі жағдайларды да естен шығармау керек: мазмұнды жетілдіру; мектеп информатика курсы есептерінің қолданбалы аспектілерін ерекшелеу, қолданбалы есептерді шығару; ақпараттық және коммуникациялық технология құралдарын, жаңа әдістерді және оқыту формаларын қолдану.

Сонымен, *информатиканың базалық курсының қолданбалы бағыттылығын күшейту* қолданбалы есептерді шығарудың және есептеу техникасының мүмкіндіктерін пайдаланып, жаңа оқыту әдістері мен формаларын қолданудың арқасында ғана іске асуы мүмкін.

Қолданбалы есептерді қолдану маңыздылығы оқушылардың танымдық әрекетін, олардың шығармашылық қабілеттерін, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын, ой ұшқырлығын, әртүрлі пәндер мен ғылымдардан алған білімдерін жалпылау сияқты қасиеттерін және ақпараттық мәдениетін дамытумен анықталады.

Әрқайсымызға күнделікті өмірде көптеген есептерді шешуге тура келеді. Біз олармен үйде, көшеде, мектепте және жұмыста, т.б. жерлерде әрдайым кездесіп отырамыз. Адамның бүкіл өмірі, ол үй салып жатырма немесе тамақ әзірлеп жатқанына қарамастан, қолданбалы есептерді шешу болып табылады.

Қолданбалы есептерді шығару оқушылардың басқа пәндерді оқып білуге, еңбек барысында, күнделікті өмірде математиканы қолдана білуге қажетті білімдер, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға септігін тигізеді.

Қолданбалы есеп деп тәжірибеге-бағытталған жағдай суреттелінетін және оны шешуге белгілі бір тәжірибелік, оның ішінде, ақпараттық және коммуникациялық технология құралдарын қолдану дағдыларын меңгеруді талап ететін есепті айтамыз.

Қолданбалы есептерді қолдану нәтижелілігі оларды топтау критерийлеріне, информатика курсының есептер жүйесін сұрыптауға, қолданбалы есептер жүйесіне және қолданбалы есептерді шығару мен қолдану әдістемесіне байланысты.

Қазіргі кездегі есептер жүйесі ИЕТН курсы бойынша жазылған бірінші оқулықтың (А.П.Ершов және т.б.) пайда болған кезінен белгілі типтік есептерден тұрады. Бұл санның абсолютті мәнін, ЕҮОБ, ЕКОЕ, MAX, MIN, көбейтіндіні табу, сызықтық және квадраттық теңдеу мен теңсіздіктерді шығару, т.б. алгоритмдерін құруға арналған «математикаландырылған» есептер жүйесі. Есептеулер бойынша, оқулықтардағы қолданбалы есептердің саны 15-20%, ал бұл мектеп информатика курсының қолданбалы бағытындағы есептерді шығару үшін жеткіліксіз екені белгілі.

Әдістемелік ғылымда мектеп есептерін жіктеу мен жүйелеуге арналған бірқатар зерттеулер бар. Бұл зерттеулердің арқасында қолданбалы есептер жүйесін де құруға болады. Төменде қолданбалы бағыттағы есептер жүйесін құрудың кейбір әдістемелік ерекшеліктерін көрсетейік:

- құрастырылатын есептер жүйесіне мектеп информатика курсының әртүрлі қосымшаларының есептерін қосқан жөн;
- қолданбалы есептер жүйесі иілгіштік қасиетке ие болуы керек, яғни оқытудың бір кезеңінен екіншісіне өту кезінде есептер жүйесі ойдан шығарылған тұрмыстық жағдайлардың элементтерінен тұратын қарапайым мәтіндік есептер мен мектеп пәндерінің әртүрлі бөлімдерінен алынған есептерден, бізді қоршаған ортадағы шынайы есептерге өзгеріп отыруы тиіс;
- жүйе есептерінің бірінші кезекте қайсысы шығарылуы жайлы мәселені информатиканы оқытудың кәсіптік бағыттылығы көзқарасы тұрғысынан және оқушының қызығушылығына байланысты қарастыруға болады;

- есептер жүйесі қиындық деңгейі әртүрлі есептерден тұруы керек және тек сыныптық емес, сонымен қатар, сыныптан тыс оқыту формалары үшін де жарамды болуы тиіс.

Сонымен, қолданбалы есептерді оқу процесіндегі ролі бойынша, мазмұны бойынша және т.б. функциялары бойынша ажыратуға болады. Қолданбалы есептер жүйесіне келесі есеп түрлерін жатқызуға болады:

1. Мәтіндік есептер (ғылым, техника, өнеркәсіп, экономиканың әртүрлі бөлімдерінен алынған есептер);
2. Қоғам, отбасы мәселелерін бейнелейтін тұрмыстық мазмұндағы есептер;
3. Оқушының болашақ кәсіптік қызығушылығын бейнелейтін есептер;
4. Пәнаралық байланыстарды бейнелейтін есептер;
5. Экономикалық есептер,
6. Өнеркәсіптік есептер;
7. Ауылшаруашылық тақырыбындағы есептер;
8. Көлік тақырыбындағы есептер;
9. Ақпараттық процестерді басқару, кибернетика есептері;
10. Модельдеу есептері;
11. Жуық есептеуге арналған есептер;
12. Сандық әдістерді қолданып шығарылатын есептер;
13. Экстремальды есептер;
14. Оптимизация есептері, сызықтық бағдарламалау есептері;
15. Логикалық есептер;
16. Статистика, ойындар теориясы және ықтималдықтар теориясы есептері;
17. Тарихи мазмұнды есептер;
18. Қызықты және ойындық есептер;
19. Оқушылардың өз бетінше құрған есептері.

Қолданбалы есептерді қиындығына қарай бірнеше түрге бөлуге болады [2]. Олардың біріншісіне, яғни ең төменгі деңгейіне қажетті математикалық модульді құруға керекті мәселелер есептің шартында тікелей беріледі.

Қолданбалы бағыттағы есептердің екінші деңгейіне есептің шартында айтылмайтын, бірақ өте қарапайым, адамдардың күнделікті өмірінде кездесетін математикалық тәуелділіктерді (мысалы, заттың құны, бағасы және саны арасындағы, дененің бірқалыпты қозғалысындағы жылдамдық, уақыт және жүрілген жол арасындағы тәуелділіктер және т.б.) қолдану арқылы шығарылатын есептер жатады.

Қолданбалы есептердің үшінші деңгейіндегі есептер түріне оқушылар басқа пәндерді оқу барысында меңгерген қандай да бір заңдылықты немесе оқулықтан, анықтамадан белгілі бір материалды тауып қолдану арқылы шығарылатын есептерді жатқызамыз.

Қолданбалы есептердің төртінші деңгейінде оқушылар артық берілген мәліметтерді қарастырмай, оның орнына жетіспейтін материалдар болса, оларды тауып, есеп шартымен қосып қарастырады.

Қолданбалы есептердің ең жоғарғы деңгейдегі бесінші түріне нақты бір физикалық объектіге немесе құбылысқа байланысты шығарылатын күрделі есептер жатады.

Қолданбалы есептерді шешудің тиімді әдістерінің бірі – математикалық модельдеу әдісі, яғни қолданбалы есептерді шешу математикалық модель құру және оны зерттеу негізінде іске асырылады. Ал, мектеп информатика курсына қолданбалы есептерді шығару үшін математикалық модельдеу мүмкіндіктерін қолдану, оны компьютерлік математикалық модельдеуге айналдырады, яғни модельдеу әдісін

қолдану информатиканың құралдары мен әдістерінің мүмкіндіктерін ескере отырып, қолданбалы есептерді шешудің ең тиімді тәсілін таңдау үшін мүмкіндік береді.

Модельдерді құрудың және зерттеудің негізгі әдісі формализация әдісі болып табылады, бұл әдіс зерттеліп отырған объектінің белгілік және семантикалық аспектілерін ажыратып қана қоймай, таңба және таңбалық жүйелердің формалды өзгеру мүмкіндігін береді және құрылған тілдік модельден шынайы объектіге инверсиялық ауысуды немесе оның негізінде жаңа объектілер құруды қамтамасыз етеді. Бұл ретте компьютерлендіру экспансиясы формализация әдісінің қолдану аясын айтарлықтай арттырады және математикалық модельді іске асыру үшін полигон құра отырып, математикалық модельдеу әдісінің қолдану аймағын кеңейтеді. Сонымен қатар, оқытуда модельдеу әдісін қолдану оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы болып табылады және олардың өмірлік мәселелерге ғылыми көзқарасының қалыптасуына көмектеседі.

1. Зелинская Т.Я. Прикладная направленность школьного курса информатики и пути ее реализации. Педагогическая информатика. Научно-методический журнал. N2, 1999
2. Сеитова С.М. Қолданбалы есептердің математикалық моделін құру. «Үздіксіз білім берудің мәселелері: мектеп, колледж, университет» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Талдықорған, 2009

УДК 51(07)372.851

А. Біргебаев

ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ОПЕРАТОРЛАРЛАРДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ӘДІСТЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ОҚУ- ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

В работе рассматриваются психологические аспекты изучения линейных операторов в функциональных пространствах. В качестве примера исследуется дифференциальное уравнение Штурма-Лиувилля с методами функционального анализа и теории операторов. Получен решение и оценка производных решений в Гильбертовом пространстве. Показаны функции решение дифференциальных уравнений методами функционального анализа в учебно-воспитательном процессе.

To work consider psychological aspects of studying of linear operators in functional spaces. As an example the differential equation of Sturm-liuvillja with methods functions the analysis and the theory of operators is investigated. It is received the decision and an estimation of derivative decisions in Gilbertovom space. Functions the decision of the differential equations by methods of the functional analysis in teaching and educational process are shown.

Дифференциалдық теңдеулерді операторлар әдісі арқылы зерттеу, яғни берілген дифференциалдық операторға кері оператор табу, оның шенелгендік шарттарын табу, бөліктенуін Гильберт, Банах, Соболев кеңістіктерінде дәлелдеу оқу – тәрбие үдерісінде белгілі функцияларды: **мотивтік(уәждік), танымдық, тәрбиелік, басқару, бейнелеу, бақылау – бағалау** функцияларын атқарып және білімдегі өзгерістерге, осы есептерді шешудегі психикалық іс-әрекеттерінің құрамындағы оң өзгерістерге әкеледі.

Аталған зерттеулерді, яғни қойылған есептерді шығару үдерісінде, студенттердің осы есептерді шешуде қандай жаңа нәрселер білді, қандай әдістер қолданды, есепті шешу барысында қандай қиындықтармен кездесті деген талдаулармен аяқтау қажет.

Осыған байланысты мысал ретінде дифференциалдық теңдеуді операторлар әдісімен Банах кеңістігіндегі шешуді қарастырайық. Соңынан, осы есептерді шешу барысында, жоғарыда айтылған студенттердің оқу - тәрбие үдерісінде орындайтын функцияларына талдау жасайық.

Мына есепті қарастырайық:

$$Ly \equiv y''(x) + q(x)y = f(x), \quad (I)$$

$$y(a)=y(b)=0 \quad (II)$$

$q(x) \geq 1, [a, b]$ аралығында үзіліссіз функция болсын, ал $f(x) \in C[a, b]$ анықталған.

Кері оператордың бар болуы

$L_2(a, b)$ – кеңістігінде (I) теңдеуге сәйкес

$$Ly = y'' + q(x)y \quad (1)$$

операторын қарастырайық.

$$D(L) - y(x) \in C^2[a, b], \quad y(a) = y(b) = 0 \quad (2)$$

талаптарын қанағаттандыратын $y(x)$ функцияларынан құралған болсын.

(2) шекаралық шартын қанағаттандыратын $C^2[a, b]$ - дегі функциялардың $D(L)$ жиыны, $[a, b]$ сегментінде финитті $L_2(a, b)$ – де тығыз функциялардың жиынын өз бөлігі ретінде қамтиды. Сондықтан $D(L)$ жиынының өзі де $L_2(a, b)$ – де тығыз болады.

L операторы тұйықталынады. Соңғы тұжырымдауды тексерейік. Сол үшін бізге мына төмендегі кейбір түсініктер мен леммалар керек болады.

L^* операторын L дифференциалды операторына формальді түйіндес операторы деп атайды, егерде кез келген $y, v \in C_0^\infty(a, b)$ үшін $\langle Ly, v \rangle = \langle y, L^*v \rangle$ теңдігі орын алатын болса, L^* операторын бастапқы оператор, яғни $L^* = -v'' + q(x)v$, қандай формада жазылса, тура сондай түрде жазуға болатындығы түсінікті.

Берілген оператор тұйықталынатын болуы үшін $u_n \in D(L), u_n \xrightarrow{L_2} 0, Lu_n \xrightarrow{L_2} v$ шартынан $v=0$ болуы қажетті және жеткілікті.

Осыны көрсетейік. Сол үшін бізге мына леммалар керек болады.

1.Леммасы. Егерде $y \in L_2(a, b)$ және кезкелген $\varphi \in C_0^\infty(a, b)$ функциясы үшін $\langle y, \varphi \rangle = 0$ қатынасы орын алатын болса, онда барлық жерде дерлік $y(x) = 0, x \in [a, b]$

2.Леммасы. $D(L)$ – де қарастырылатын L операторы тұйықталатын оператор болады.

3.Леммасы. $q(x)$ функциясы $[a, b]$ кесіндісінде үздіксіз болсын. Онда барлық $y \in D(L)$ үшін

$$\|Ly\|_2 \geq \|y\|_2 \quad (3)$$

бағалануы орын алады.

1.Теоремасы. $g(x) - [a, b]$ - да үздіксіз функция болсын. Онда $L_2(a, b)$ - да анықталған үздіксіз кері L^{-1} операторы бар болады.

Дәлелдеуі. (3) леммасынан барлық $y \in D(L)$ үшін $\|Ly\|_2 \geq \|y\|_2$ теңсіздігінің орын алатындығы келіп шығады.

Бұдан, егерде $Ly = 0$ болса, онда $y = 0$ келіп шығады. Демек, $\text{Ker} L = \{y \in D(L) : Ly = 0\} = \{0\}$ Кері операторлар туралы теорема бойынша $R(L)$ -ді $D(L)$ -ге өзара бір мәнді етіп бейнелейтін L^{-1} бар болады. 1 теоремасы толығынан дәлелденген болады, егерде келесі мәселелерді шеше алсақ:

1) $R(L) = L_2(a, b)$

2) L^{-1} -дің шектеулілігі.

Бірінші, $R(L) = L_2(a, b)$ екендігін дәлелдейміз. Бұл дәлелдеуді керісінше жүргіземіз. $R(L)$ жиыны $L_2(a, b)$ -да тығыз болмасын делік. Онда сәйкес $v \in L_2(a, b)$ бар болсын және $v \perp R(L)$, яғни барлық $y \in D(L)$ үшін

$$\langle Ly, v \rangle = 0 \quad (4)$$

Бұдан, Рисс теоремасына сәйкес $v \in D(L^*)$ және барлық $y \in D(L)$ үшін

$$\langle Ly, v \rangle = \langle y, L^* v \rangle \quad (5)$$

теңдігі орын алады.

Соңғы теңдікті ашып жазайық:

$$\langle -y'' + g(x)y, v \rangle = \langle y, L^* v \rangle$$

немесе

$$\langle -y'', v \rangle = \langle y, L^* v \rangle - \langle y, g(x)v \rangle$$

барлық $y \in C_0^\infty(a, b)$ үшін.

Соболев бойынша жалпыланған туынды анықтамасына сәйкес соңғы теңдіктен мынаны табамыз:

$$v'' = L^* v - g(x) \cdot v \in L_2(a, b), \quad L^* v = 0 \quad g(x) \cdot v \in L_2(a, b)$$

Соныменен, v'' екінші ретті туындысы $L_2(a, b)$ -да жатады. Ақыры осының барлығы және (4), (5) теңдіктері мына тұжырымдауға әкелді: $v'' \in L_2(a, b)$ және

$$L^* v = -v'' + g(x) \cdot v = 0$$

Келесі кезеңде $v(a) = v(b) = 0$ екендігіне көз жеткізуіміз керек болады. $\langle y, L^* v \rangle = 0$ болғандықтан, бөліктен интегралдау мыналарды береді:

$$0 = \langle y, -v'' + g(x) \cdot v \rangle = v \cdot y' \Big|_a^b + \langle Ly, v \rangle$$

Бұдан, (4) теңдігін ескере отырып мынаны аламыз:

$$\sqrt{y'} \Big|_a^b = 0$$

немесе

$$v(b) \cdot y'(b) = v(a) y'(a) \quad (6)$$

$y \in D(L)$ еркінше алынатын болғандықтан $v(a) = v(b) = 0$ келіп шығады. Шынында да, $y(x) = (x - b)(x - a)^2 \in D(L)$ деп алайық. Онда

$$y'(a) = 0, \quad y'(b) = (b - a)^2, \quad b - a > 0. \quad (7)$$

Бұны (6) -ге қоя отырып, $v(b)(b - a)^2 = v(a) \cdot 0 = 0$ немесе $v(b) = 0$ екендігін табамыз.

Тура осылайша $v(a) = 0$ екендігін көрсетеміз. Соныменен, біз мыналарды дәлелдедік:

V - үздіксіз дифференциалданады,

$$v'' \in L_2(a, b) \quad L^* v = -v'' + g(x) \cdot v = 0, \quad v(a) = v(b) = 0 \quad (8)$$

Енді (8) – ды ескере және бөліктеп интегралдай отырып, $\|L^* v\|_2 \geq \|v\|_2$

екендігін аламыз. Бұдан, $L^* v = 0$ болғандықтан $v = 0$ келіп шығады. Бұдан қарама қайшылыққа келеміз, яғни $R(L) = L_2(a, b)$.

1 теоремасының дәлелденуін аяқтау үшін, енді L^{-1} -дің шектеулілігін көрсету керек болады. (3) -ге $Ly = f$, $y = L^{-1}f$ деп ала отырып, барлық $f \in L_2(a, b)$ үшін $\|L^{-1}f\| \leq \|f\|$ екендігін аламыз, яғни L^{-1} кері операторы $R(A) = L_2(a, b)$ -да шектеулі болады. Теорема дәлелденді.

2.Теоремасы. $q(x) - [a, b]$ кесіндісінде үздіксіз функция болсын. Онда барлық

$$y \in D(L) \text{ үшін } \|y''\|_2 + \|y\| \leq C_1 \|Ly\|_2 \quad (9)$$

бағалауы орын алады және

$$y(a) = y(b) = 0 \quad (10)$$

Осындай есептер [1-2] жұмыстарда қарастырылған.

1.Мотивтік функциясы. Дифференциалдық теңдеулерді операторлар әдісімен шешу студенттердің оқу іс - әрекеттерінде ішкі уәжін (мотивтік) дамытуға және қалыптастыруға мүмкіндік береді, оның бірі танымдық қызығушылығы.

2.Танымдық функциясы. Есепті шешу нәтижесінде студенттер физикалық интуициямен математикалық қатаң түрде негіздеу ұштасқан жағдайда физикалық үдерістер мен құбылыстар туралы нақты мәлімет алуға болатынын түйсінеді. Нәтижесінде қоршаған орта туралы жаңа білім пайда болады. (I), (II) есебінің (1) (шешімінің бар болуы туралы теорема), (2) теорема түріндегі шешімінің табылуы. $L_2(a, b)$ кеңістігіндегі кері оператордың бар болуы туралы теорема және коэрцитивтік бағалау туралы теоремалар студенттердің ойлау деңгейін кеңейтіп, танымдық үдерісін жоғарлатады. Оларды кәсіптік бағдарына жүзеге асыруға жәрдем беріп, пәнаралық байланыстардың шарттары болады. Сонымен қатар физикалық үдерістер мен құбылыстар үшін құрылған модельдің дұрыстығына көз жеткізеді.

Есепті шешу үдерісінде студенттердің алған білімді өзінің кәсіптік іс - әрекетінде геометрия, математикалық анализ, функциялық анализ, интегралдық және дифференциалдық теңдеулер сияқты, математикалық пәндерге қолдануды үйренуі қалыптасады.

3.Дамыту функциясы. Бұл студенттің логикалық ойлау, еске ұстау, шығармашылық белсенділігін, өз бетімен жұмыс істеуін және лезде ой қорытуын дамытуға және қалыптастыруға жол ашады. (I), (II) есебін шешу барысында студент есептің қойылуын түсіну арқылы зерттеліп отырған физикалық құбылыстың мағынасын айқындайды.

Функционалдық анализ әдістерін қолдану арқылы Штурм –Лиувилл дифференциалдық операторының кері операторын табады. Рисс теоремасын пайдалану арқылы шешімнің жалғыздығын, бар болуын дәлелдейді. Бұл теореманы дәлелдеу көп еңбекті қажет етеді, сондай-ақ, студенттің жалпыланған шешімдердің анықтамасын, бөліктеп интегралдау әдістерін, функцияның нормасын, кеңістіктер туралы ұғымдарды барлық дерлік аралықта жинақтылық т.б. ұғымдарды білуді талап етеді.

4.Тәрбиелеу функциясы. Дифференциалдық теңдеулерді функционалдық кеңістіктерде операторлар әдісімен шығарудың гуманитарлық потенциалын ашу, математикалық модельдердің гуманитарлық талдауларының негізін игеру студенттердің ғылыми дүниетанымын, табиғатқа сүйіспеншілігін қалыптастыруға мүмкіндік ашып, табиғат байлығына аялап қарауға итермелейді.

(I), (II) есебін шығару үдерісінде, студенттер оқытушымен бірге, оның соңғы нәтижесінде гуманитарлық сипаттағы логикалық қорытынды жасауға мүмкін болатындықтан гуманитарлық потенциалы бар екенін негіздейді. (1), (2) есебін шешу нәтижесінде алдын ала берілген $q(x)$ функциясына байланысты оны өзгерткенде шешімдердің қалай өзгеретінін анықтау арқылы қоршаған ортадағы физикалық процестердің қалай өзгеретінін оның салдарлары қандай болатыны математикалық модельдің физикалық мағынасымен айқындалады. Қарастырылған теңдеудің өзі кванттық механиканың теңдеуі болғандықтан, ал кванттың механиканың шешетін проблемасының өзі дүниетанудың ғылыми әдістеріне жататындықтан аталған есептер шешу студенттерді дүниетануға тәрбиелейді.

5. Басқару функциясы. Дифференциалдық теңдеулерге қойылатын есептерді операторлар әдісімен шешу мақсатты бағыттағы үдеріс. Ол студенттерге білім беру мен тәрбиелеу барысында нәтижелерге жету үшін алғы шарттар жасайды. Функционалдық кеңістіктердегі дифференциалдық теңдеулерді шешу бағдарлы оқытудың жүйелілігінің, тізбектілігінің дидактикалық үдерістерін жүзеге асыруға мүмкіндік ашады. (I), (II), есептерін шығару барысында студенттер мақсатты бағытты түрде екі деңгейдегі функционалдық әдістерді қолданады. Бірінші деңгейде студенттер қарастырылған дифференциалдық теңдеуге балама (2) дифференциалдық оператор енгізіледі, оған сәйкес қойылатын есепті талдайды. Классикалық және жалпыланған шешімдердің анықтамасын беріп олардың арасындағы байланыстарды айқындайды.

Екінші деңгейде Гильберт кеңістігінде (2) операторына кері оператордың бар болуының және оның шенелгендігінің жеткілікті шарттарын анықтайды. Дифференциалдық операторлар үшін функционалдық анализдің әдістерін пайдалану арқылы (1), (2) есебінің шешімдерінің қасиеттерін зерттейді. Шешімдер үшін **коэрцитивті** бағалаулар жасап, оның функционалдық кеңістігіндегі тегістігін айқындайды.

6. Көрнектілік функциясы. Дифференциалдық теңдеулер үшін қойылған есеп, физикалық үдерістердің немесе құбылыстардың математикалық моделі болып табылады. Студенттер оқытушымен бірлесе отырып қарастырылатын теңдеуді Шредингер теңдеуінің модельдік түрі Штурм Лиувиль теңдеуі. Ол кванттық механиканы сипаттайтын негізгі теңдеу екені белгілі.

Кванттық жүйенің: импульс пен координатаны бір мезгілде анықтау, физикалық бөлшектердің анықталған траекториясының болмауы, ықтималдық сипаттамасы, бақыланатын шаманың орта мәнінің дискреттігі сияқты кейбір қасиеттерін математикалық модельсіз анықтау мүмкін емес. Оған жүргізілген тәжірибелердің барлығы да математикалық теориямен келісіліп отырады. Қазіргі таңда күнделікті өмірдегі пайдаланып жүрген өлшеуіш құралдардың көпшілігі кванттық механиканың заңдарына сүйенеді. Кванттық механиканың заңдарының математикалық модельдеуге сүйеніп физикалық үдерістер мен құбылыстарды зерттеудің практикаға жүзеге асуы студенттерге олардың мазмұныны тереңірек тануға мүмкіндік беріп, оған сәйкес пәндік білімді бекітудің және білім беруді ат үсті жүргізуден аулақтатудың әдісі болып табылады. Ал, математикалық модельдерді шешудегі студенттердің іс - әрекеті айналадағы әлемді танудағы арнайы білік пен дағдыны қалыптастырады. Сонымен қатар, кванттық механикадағы толқындық, электромагниттік ағындар жүріп отыратын үдерістер туралы студенттер математикалық модельдеу арқылы жаңа ақпараттар алады.

7. Пәнаралық білімділікті дамыту және қалыптастыру функциясы.

«Функционалдық анализдің қолданбалы бөлімдері» курсының мазмұны математикалық анализ, функционалдық анализ, алгебра және геометрия, жай және дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер, функциялар теориясы, интегралдық теңдеулер курстарының мазмұнына сүйеніп, математикалық аппаратты физикалық үдерістер мен

құбылыстарды оқып үйренуге кеңінен қолдануды көрсетеді. Дифференциалдық теңдеулерге қойылатын есептерді шешу үшін жоғарыда аталған математикалық пәндерден берік білім керек.

(1), (2) есепті шешу үшін математикалық анализден (дифференциалдық және интегралдық есептеулерді орындау, анықталған интегралдарды, бөлшектеп интегралдауды, функциялардың нормасын есептеу үшін) функционалдық анализден (нормаланған кеңістіктерді білу, Банах, Гильберт, Соболев т.б. кеңістіктерін білу, Рисс теоремасын, Шаудер теоремалар білу. Операторлар теориясын терең білу т.б. жай және екінші ретті дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер (Штурм-Лиувилл, Шредингер теңдеулеріне қойылатын есептерді білу, функционалдық кеңістіктердегі қойылған классикалық физика теңдеулері үшін шектік есептердің шешімдерін анықтауды білу. Интегралдық операторлардың шектелгендігін дәлелдеу туралы теоремаларды білу).

8. Жалпы білімдегі біліктілік пен икемділікті дамыту және қалыптастыру функциясы.

Дифференциалдық теңдеулер үшін қойылатын есептер физикалық үдерістерге жүргізілген тәжірибелердің дұрыс бағытта жүргізіліп жатқанын айқындауға жол ашады, яғни математикалық модель физикалық үдерістің моделінің дұрыстығын сипаттайды. Қойылған есептерді шешу барысында, оның қисынды қойылуы физикалық үдерісті анықтайтын бастапқы берілгендердің ауытқуы шешімге қалай әсер ететінін көрсететіні белгілі. Студенттер осы мәселені шешуде арнайы операторлық әдістерді таңдау арқылы қандай әдістің жақсы нәтижеге жеткізетінін дәлелдеумен айналысады. Әрине, ол функционалдық кеңістіктен тәуелді. Мысалы, Гильберт кеңістігіндегі дифференциалдық операторлар үшін әдістер Банах кеңістігіндегі дифференциалдық операторлар үшін жарамсыз болуы мүмкін. Бұл ретте студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарына деген икемділігі арқасында функционалдық кеңістіктердің қасиеттері толық зерттеледі.

Сонымен қатар, теоремаларды дәлелдеуден бұрын аралық тұжырымдарды дәлелдеп, оны негізгі теоремаларға пайдалану зерттеу жұмысын тізбекті жүргізілуін көрсетіп, зерттеушінің ғылыми жұмыс жүргізудегі икемділігін қалыптастырады.

9. Бақылау – бағалау функциясы. Дифференциалдық теңдеулерге қойылатын есептерді нәтижелі түрде шешу студенттердің сол есептерді шығарудағы білім мен білігін тексеру ғана емес, одан бұрын оқылған математикалық пәндердің: математикалық анализ, функционалдық анализ, алгебра және геометрия, жай және дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер, функциялар теориясы (нақты және комплекс айнымалыдан тәуелді.) және т.б пәндер бойынша да шын мәніндегі білімдерін анықтау болып табылады. (1) – (2) есептерін студенттердің шығару нәтижесі бойынша олардың оқу үдерісі кезіндегі математикалық анализден, функционалдық анализден, жай және дербес туындылы дифференциалдық теңдеулерден, функциялар теориясынан алған білімдерінің сапасы туралы қорытынды жасауға болады.

1. Муратбеков М.Б. Теоремы разделимости и спектральные свойства одного класса дифференциальных операторов с нерегулярными коэффициентами. //Автореферат док.дис. физ.-мат. наук Алматы, 1994-30с.
2. Биргебаев А. Элементы теорем вложения и теории разделимости. КазНПУ им.Абая Алматы-2008, 88 стр.уч. пос.

ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙДАҒЫ СЫЗЫҚТЫҚ ЕМЕС ШРЕДИНГЕР ОПЕРАТОРЫНЫҢ БӨЛІКТЕНУІ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Многие вопросы квантовой механики приводят к задаче разделимости сингулярных дифференциальных операторов. Одним из таких операторов является оператор Шредингера. В данной работе исследуется названный оператор методами функционального анализа. Найдены достаточные условия существования решений и разделимости оператора в Гильбертовом пространстве. Все теоремы первоначально доказаны для модельного уравнения Штурма – Лиувилля и распространены на более общий случай.

Many questions of quantum mechanics lead to a divisibility problem singular differential operators. One of such operators is operator Shredingera. To the given work the named operator is investigated by methods of the functional analysis. To find sufficient conditions existence the decision in Gilbert space. All theorems are originally proved for modeling equalization Storm-Liubill also it is extended on more general a case.

Бұл жұмыста

$$Lu = -\Delta u + q(x, u)u = f(x) \in L_2(R^m) \quad (0.1)$$

сызықтық емес операторының шешімінің тегістігі қарастырылады.

Алдымен, сызықтық емес Штурма-Лиувилл дифференциалдық теңдеуі үшін коэрцитивті бағалауларды және шешімнің бірінші туындысының салмақты нормалардағы бағалауларын қамтамасыз ететін жеткілікті шарттар табылған. Алдыңғы алынған нәтижелер $m=3$ болған жағдайда Шредингер теңдеуі үшін жалпыланған.

Штурма-Лиувилл теңдеуі үшін алынған бір нәтижені келтірейік.

0.1.теоремасы. Мына шарттар орындалсын дейік: а) $q(x, y) \geq \delta > 0$; б) $q(x, y)$ - екі айнымалыдан тәуелді үзіліссіз функция $x, y \in R^2$;

$$в) \sup_{|x-\eta| \leq 1} \sup_{|C_0-C_1| \leq A} \frac{q(x, C_0)}{q(x, C_1)} < \infty,$$

мұндағы A – кез келген ақырлы сан.

Онда кез келген $f(x) \in L_2(R^m)$ үшін, $Ly = -y''(x) + q(x, y)y = f$,

теңдеуінің екінші туындысының квадраты қосындыланатын шешімі $y(x)$ -бар болады және ол

$$y''(x) \in L_2(R^m).$$

Сәл кейінірек байқатынымыздай осындай нәтижелер сызықтық емес операторлардың кең кластарына да орынды болады. Сызықтық операторлар үшін осындай жұмыстар басқа еңбектерде қарастырылған [1–7].

Белгілеулер:

R^m - m -өлшемді нақты айнымалының кеңістігі, яғни $x = (x_1, x_2, \dots, x_m)$.

Келесі белгілеулерді енгізейік: Ω - тұйықталуы $\overline{\Omega}$ болсын, мұндағы Ω , R^m кеңістігіндегі ашық жиын, $\|\cdot\|_{p, \Omega}$ - $L_p(\Omega)$ кеңістігінде жататын элементтің нормасы болсын. $\Omega = R^m$ болғанда $\|\cdot\|_{p, \Omega}$ орнына $\|\cdot\|_p$ деп жазамыз, егер $p=2$ онда келесі белгілеулердегі $\|\cdot\|_{p, \Omega}$ және $\|\cdot\|_p$ ρ -алып тастаймыз.

$$D_u^\alpha = \frac{\partial^{|\alpha|} u}{\partial x_1^{\alpha_1} \dots \partial x_m^{\alpha_m}},$$

$\alpha = (\alpha_1, \dots, \alpha_m)$ – мультииндекс, $|\alpha| = \alpha_1 + \alpha_2 + \dots + \alpha_m$. $C_1, C_2, \dots$ – мәндері қандай болатыны бәрібір, әр түрлі тұрақты сандар.

I. Шешімнің бар болуы

Мұнда,

$$Ly = -y''(x) + q(x, y)y = f(x) \in L_2(R), \quad (I)$$

теңдеуі қарастырылады, мұндағы $R = (-\infty, \infty)$.

$y \in L_2(R)$ функциясы (I) теңдеудің әлсіз шешімі деп аталады, егер $\{y_n\} \subset W_2^1(R) \cap W_{2,loc}^2(R)$ тізбегі табылып, мына шарттар орындалса

$$\|y_n - y\|_{L_{2,loc}(R)} \rightarrow 0, \quad \|Ly_n - f\|_{L_{2,loc}(R)} \rightarrow 0, n \rightarrow \infty.$$

$C_0^\infty(R^m)$ -де жататын негізгі функциялар тізбегі $\{\eta_n\}_{n=1}^\infty$ 1-санына R^m кеңістігінде жинақталады деп атайды егер:

а) кез келген компак $K \subset R^m$ үшін, N номері табылып кез келген $x \in K$ және $n \geq N$ болғанда, $\eta_n(x) = 1$.

б) $\{\eta_n\}$ функциясы R^m –де бірқалыпты шенелген,

$$|\eta_n(x)| \leq 1, \quad x \in R^m, \quad n = 1, 2, \dots \quad [8]$$

I.I Леммасы. $q(x, y) \geq \delta > 0$, R^2 -де екі айнымалы бойынша үзіліссіз болсын, онда кез келген $f \in L_2(R)$ үшін, (I) теңдеудің $W_2^1(R)$ кеңістігінде әлсіз шешімі бар болады.

Дәлелдеуі. Алдын ала берілгендер бойынша $q(x, y)$ функциясы төменгі жағынан шенелген, онда талдаудың маңызын бұзбай $q(x, y) \geq 1$ деп алуға болады.

Ең алдымен бірінші шеттік есептің шешімінің бар болуын дәлелдеумен айналысамыз

$$L_{n_\varepsilon} y_{n_\varepsilon} = -y_{n_\varepsilon}'' + y_{n_\varepsilon} + \frac{(q(x, y_{n_\varepsilon}) - 1)y_{n_\varepsilon}}{1 + \varepsilon(q(x, y_{n_\varepsilon}) - 1) + \varepsilon \|b(x, y_{n_\varepsilon})\|_{2,(-a_n, a_n)}} = f\eta_n, \quad (2)$$

$$y_{n_\varepsilon}(+a) = y_{n_\varepsilon}(a) = 0, \quad (3)$$

мұндағы,

$[-a_n, a_n] - \text{supp } \eta_n$, ал $b(x, y_{n_\varepsilon}) = (q(x, y_{n_\varepsilon}) - 1)y_{n_\varepsilon}$ $W_{2,0}^2[-a_n, a_n]$ кеңістігінде.

$W_{2,0}^2[-a_n, a_n] - z \in W_2^2$ және $z(-a_n) = z(a_n) = 0$ болатын функциялар кеңістігі.

(2)-(3) есебін оған эквивалентті интегралдық теңдеуге келтіріп, оған Шаудер ұстанымын қолданамыз [9].

L_0 деп $W_{2,0}^2[-a_n, a_n]$ кеңістігінде анықталған $L_0 y = -y''(x) + y(x)$ операторды айтамыз.

Штурма-Лиувилл операторлары үшін белгілі теоремалардан $L_2[-a_n, a_n]$ кеңістігінде анықталған L_0^{-1} , жете үзіліссіз оператор бар екендігі белгілі.

1.2 леммасы. (2)-(3) есебі

$$z_{n_\varepsilon} = \frac{(q(x, L_0^{-1} z_{n_\varepsilon}) - 1)L_0^{-1} z_{n_\varepsilon}}{1 + \varepsilon(q(x, L_0^{-1} z_{n_\varepsilon}) - 1) + \varepsilon \|b(x, L_0^{-1} z_{n_\varepsilon})\|_2^2} + f\eta_n, \quad (4)$$

$z_{n_\varepsilon}, f\eta_n \in L_2[-a_n, a_n]$ интегралдық теңдеуіне эквивалентті. Дәлелдеуі оп оңай.

A деп мына формуламен әсер ететін операторды белгілейік:

$$A(z) = \frac{(q(x, L_0^{-1}z) - 1)L_0^{-1}z}{1 + \varepsilon(q(x, L_0^{-1}z) - 1) + \varepsilon\|b(x, L_0^{-1}z)\|_{2, [-a_n, a_n]}^2} + f\eta_n.$$

Одан әрі, келесі белгілеуді енгізейік

$$\bar{S}(0; N) = \left\{ \mathcal{G} \in L_2(-a_n, a_n) : \|\mathcal{G}\|_2 \leq N = \frac{1}{\sqrt{\varepsilon}} \right\},$$

мұндағы $\mathcal{G} = z - f\eta_n$. Осы шарда A операторын қарастырайық

$$\begin{aligned} A(\mathcal{G}) &= A(z) - f\eta_n = A(\mathcal{G} + f\eta_n) - f\eta_n = \\ &= \frac{(q(x, L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)) - 1)L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)}{1 + \varepsilon(q(x, L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)) - 1) + \varepsilon\|b(x, L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n))\|_{2, (-a_n, a_n)}^2}. \end{aligned}$$

Егер $\mathcal{G}_0 - A_0$ операторының жылжымайтын нүктесі болса онда $\mathcal{G}_0 + f\eta_n - A$ операторының жылжымайтын нүктесі болатыны айқын. Сондықтан осыдан әрі қарай A операторының орнына A_0 қарастыру жеткілікті.

A_0 операторы $\bar{S}(0; N) \in L_2[-a_n, a_n]$ өзін өзіне бейнелейтінін дәлелдейік. $\mathcal{G} \in \bar{S}(0; N)$ жатсын дейік.

Екі жағдайды қарастырайық:

$$1. \quad \|(q(x, L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)) - 1)L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)\|_{2, (-a_n, a_n)}^2 \leq N = \frac{1}{\sqrt{\varepsilon}}.$$

Онда

$$\begin{aligned} \|A_0(\mathcal{G})\|_2 &= \left\| \frac{(q(x, L_0^{-1}z) - 1)L_0^{-1}z}{1 + \varepsilon(q(x, L_0^{-1}z) - 1) + \varepsilon\|b(x, L_0^{-1}z)\|_{2, [-a_n, a_n]}^2} \right\|_{2, (-a_n, a_n)} \leq \\ &\leq \|(q(x, L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)) - 1)L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)\| \leq N = \frac{1}{\sqrt{\varepsilon}} \end{aligned}$$

$$2. \quad \|(q(x, L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)) - 1)L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)\| \geq N.$$

Онда

$$\begin{aligned} A_0(\mathcal{G})_2 &\leq \frac{\|(q(x, L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)) - 1)L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)\|_{2, (-a_n, a_n)}}{\varepsilon\|(q(x, L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)) - 1)L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)\|_{2, (-a_n, a_n)}^2} = \\ &= \frac{1}{\varepsilon\|(q(x, L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)) - 1)L_0^{-1}(\mathcal{G} + f\eta_n)\|_{2, (-a_n, a_n)}} \leq \frac{1}{\varepsilon N} = \frac{1}{\sqrt{\varepsilon}}. \end{aligned}$$

Демек,

$$\|A(\mathcal{G})\|_{2, (-a_n, a_n)} \leq N, \quad \forall \mathcal{G} \in \bar{S}(0; N). \quad (5)$$

A_0 - операторының $\bar{S}(0; N)$ шарда жете үзіліссіз оператор екенін көрсетейік. Үзіліссіздігі айқын. Рисс теоремасы бойынша $\{A_0\mathcal{G} : \mathcal{G} \in \bar{S}(0; N)\}$ функциялар жиыны бірқалыпты шенелген екендігін және

$$\lim_{h \rightarrow 0} \|(A_0(\mathcal{G}))(x+h) - (A_0(\mathcal{G}))(x)\|_{2, (-a_n, a_n)} = 0,$$

қатынасының $\mathcal{G} \in \bar{S}$ бойынша бірқалыпты орындалатынын дәлелдеу жеткілікті. (5) бағалаудың салдарына $\{A_0(\mathcal{G}) : \mathcal{G} \in \bar{S}(0; N)\}$ функциялар жиынының бірқалыпты шенелгенін көруге болады.

$q(x, y)$ - функциясының екі айнымалы бойынша үзіліссіздігінен және L_0^{-1} операторының қасиеттерінен

$$\|(A_0(\mathcal{G})(x+h) - A_0(\mathcal{G})(x))\|_{2,(-a_n, a_n)}^2 \rightarrow 0$$

өрнегінің $h \rightarrow 0$, $\mathcal{G} \in \bar{S}(0; N)$ бойынша бірқалыпты ұмтылатыны шығады.

Сондықтан A_0 операторы жете үзіліссіз болады және $\bar{S}(0; N)$ өзіне өзін бейнелейді. Демек, Шаудер ұстанымы бойынша (4) интегралдық теңдеудің $\bar{S}(0; N)$ шарында ең болмағанда бір шешімі бар болады. Осыдан, 1.2 лемма бойынша (2)-(3) есебінің W_2^2 кеңістігінде жататын шешімі бар екендігі шығады.

Одан әрі $\|y_{n_\varepsilon}\|_{W_2^1[-a_n, a_n]}$, n, ε - сандарынан тәуелсіз тұрақты санмен жоғары жағынан бағаланады.

Бұл дәйекті дәлелдеу үшін

$$\ell_{n_\varepsilon} y = y''(x) + (1 + \frac{\tilde{q}(x) - 1}{1 + \varepsilon(\tilde{q}(x) - 1) + \varepsilon\|(q(x, y_{n_\varepsilon}) - 1)y_{n_\varepsilon}\|_2^2})y(x),$$

$W_{2,0}^2(-a_n, a_n)$, кеңістігінде анықталған сызықты операторды қарастырамыз $\tilde{q}(x) = q(x, y_{n_\varepsilon})$, ал y_{n_ε} - оң жағы $f\eta_n$ тең болатын (2)-(3) шеттік есебінің шешімі. $\langle \ell_{n_\varepsilon} y_{n_\varepsilon}, y_{n_\varepsilon} \rangle$ скаляр көбейтіндіні құрайық. Интегралдың сыртындағы мүшелері жойылып кететінін ескере отырып бөлшектеп интегралдау арқылы (3) көмегімен

$$\|y_{n_\varepsilon}\|_{W_2^1[-a_n, a_n]} \leq 2^{1/2} (\int_{-\infty}^{\infty} |f|^2 dx)^{1/2} \text{ аламыз. } C = 2^{1/2} (\int_{-\infty}^{\infty} |f|^2 dx)^{1/2} \text{ белгілейік}$$

онда

$$\|y_{n_\varepsilon}\|_{W_2^1[-a_n, a_n]} \leq C. \quad (6)$$

$\{y_{n_\varepsilon}\}$ шенелген жиынында жататын $\{y_{n_{\varepsilon_k}}\}$ шешімдердің тізбегін бөліп алайық және ол

$$\|y_{n_{\varepsilon_k}}\|_{W_2^1[-a_n, a_n]} \leq C, \quad (7)$$

мұндағы $\varepsilon_k \rightarrow 0$ егер $k \rightarrow \infty$.

(7) бойынша $\{y_{n_{\varepsilon_k}}\}$ тізбегінен ішкі тізбек бөліп алуға болады, оны қайтадан $\{y_{n_{\varepsilon_k}}\}$ деп белгілейік, онда

$$y_{n_{\varepsilon_k}} \rightarrow y_n \text{ әлсіз } W_2^1(-a_n, a_n),$$

$$y_{n_{\varepsilon_k}} \rightarrow y_n \text{ әлсіз } L_2(-a_n, a_n).$$

